

«Самұрық-Энерго» АҚ басшылығының 2024 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

2025 жыл

Мазмұны

1.	Топқа шолу.....	2
2.	Макроэкономикалық факторлар	3
3.	Тариф саясаты	6
4.	Өндірістік көрсеткіштер.....	8
5.	Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар.....	12
6.	Компанияны дамытудың негізгі бағыттары	16
7.	Есеп саясатының қағидаттары.....	23
8.	Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	23
9.	Құрылған және бөлінген экономикалық құн	30
10.	Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу	31
11.	Стратегиялық НҚК-нің орындалуы	36
12.	Игеру әдісі бойынша күрделі шығыстарға жасалған талдау	37
13.	Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері.....	39
15.	Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)	50

1. Топқа шолу

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылды. Қоғамның құрылған сәттегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ болды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.

2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны біріктіру арқылы жүргізілген қайта құру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болып белгіленді.

Қазіргі кезде Қоғам энергиямен жабдықтау бойынша тиімділігі жоғары жүйені қалыптастыратын, сондай-ақ Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін халықаралық энергия балансына ойдағыдай интеграцияланған аса ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын және ыстық суды өндіру, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС және «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы өңірінде электр және жылу энергиясын өндіретін өңірлік маңызы бар станциялар бар; СЭС Ертіс каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне (Шардара СЭС және Мойнак СЭС) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары да бар. Сонымен қатар Қоғам активтерінің құрамына өңірлік тарату желілері мен Алматы өңірінің өткізуші компаниясы мен Қазақстандағы көмір өндіретін ең ірі кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың және Қазақстанда, Ресей Федерациясында орналасқан үшінші тараптардың да өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.



2. Макроэкономикалық факторлар

2024 жылғы желтоқсанда Қазақстандағы жылдық инфляция 8,6% құрап, 2023 жылғы 9,8% мөлшерінен төмендеді.

Желтоқсан айында азық-түлік тауарларының бағасы жылдық мәнде 5,5% өсті, бұл алдыңғы айлармен салыстырғанда өсудің біршама жеделдеуін көрсетеді. Бұл тренд бірқатар факторларға, соның ішінде маусымдық бағаның өзгеруіне, азық-түліктің әлемдік бағасының өзгеруіне, сондай-ақ көлік және логистикалық шығындар сияқты ішкі факторлардың әсеріне байланысты. Азық-түлік санатына жатпайтын тауарлар бір жыл ішінде 8,3% өскенін көрсетті, бұл да болжамды мәндер шегінде. Алайда, ең айқын өсім ақылы қызметтер секторында байқалады, онда жылдық баға өсімі 13,3% құрады.

Валюта нарығы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 2024 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бір доллар үшін 523,54 теңгеге жетті, бұл жыл басынан бері ұлттық валютаның 15% әлсірегенін көрсетеді, бұл импорттаушылар тарапынан шетел валютасына сұраныстың артуын, экономиканы долларландырудың күшеюін, сондай-ақ шикізат тауарлары мен тауарлар бағасының серпіні сияқты сыртқы экономикалық факторларды қоса алғандағы факторлар кешеніне негізделген әлемдегі ең ірі орталық банктердің саясаты.



Ағымдағы шот тапшылығының 4,4 млрд долларға дейін қысқаруы және халықаралық резервтердің 105,7 млрд долларға дейін өсуі елдің сыртқы экономикалық жағдайының жақсарғанын көрсетеді. Алайда, бюджет шығындарының сақталуы және Ұлттық қор қаражаты есебінен тапшылықты


қаржыландырудың жалғасуы макроэкономикалық тұрақтылыққа ұзақ мерзімді сынақ болып табылады. Болашақта бюджеттің трансферттерге тәуелділігін төмендету және елдің экономикалық құрылымын әртараптандыру тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаруы мүмкін.

(дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, ҚР Ұлттық Банкі, Halyk Finance)

Валюта бағамдарының өсу қарқыны:

	31.12.2023 жыл	31.12.2024 жыл	%
KZT/USD	454,56	523,54	115%
KZT/EUR	502,24	546,47	109%
KZT/RUB	5,06	4,99	99%






Жүйелік оператордың деректері бойынша ҚР Электр станциялары 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда 117 915,4 млн. кВтсағ электр энергиясын өндірді, бұл 5 092,3 мың кВтсағ немесе 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 4,32% артық. Өндірістің ұлғаюы Қазақстанның БЭЖ-нің барлық аймақтарында байқалды.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда Ақтөбе, Алматы, Атырау, Абай, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау және Павлодар облыстарында электр энергиясының өндірісі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда едәуір ұлғайды.


Сонымен қатар, Ақмола және Қызылорда облыстарында электр энергиясы өндірісінің төмендеуі байқалды.



2024 жылғы қаңтар–желтоқсан аралығында ірі энергия холдингтері мен ірі электр өндіруші ұйымдар 51 679,2 млн кВт/сағ электр энергиясын өндірді, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңінен 2 047,3 млн кВт/сағ артық (49 631,9 млн кВт/сағ). Бұл жалпы өндірістің 43,8%-ын құрады.

Қоғамға тиесілі энергетикалық ұйымдардың 2024 жылғы электр энергиясын өндіру көлемі 39 772,3 млн кВт/сағ болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 4 442,3 млн кВт/сағ немесе 12,6%-ға жоғары.

Сондай-ақ, Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2024 жылы республика бойынша электр энергиясын тұтыну 2023 жылмен салыстырғанда 4 927,87 млн кВт/сағ немесе 4,11%-ға артты. Атап айтқанда, тұтыну көлемі солтүстік аймақта – 2,41%-ға, батыс аймақта – 9,87%-ға және оңтүстік аймақта – 5,31%-ға өсті.



3. Тариф саясаты

Қоғам тобына кіретін еншілес және бірлескен кәсіпорындардың операциялық қызметі табиғи монополиялар субъектілері, бәсекелестік және әлеуметтік маңызы бар нарық субъектілері ретінде Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңдарымен және Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түріне байланысты тарифтерді реттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (ЭМ) құзыретіне жатады.

2020 жылғы 22 мамырдағы №205 ҚР Энергетика министрінің бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тұрақты пайда, сондай-ақ теңгерімдік электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерім үшін тұрақты пайда мөлшерін анықтау әдістемесі» бекітілді.

2014 жылы қабылданған Қазақстанның отын-энергетика кешенін (ОЭК) дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, 2019 жылдан бастап салаға жеткілікті инвестиция тартуға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қуат нарығы енгізілді, бұл ұзақ мерзімді перспективада нарыққа оң әсер етеді.

2019 жылдан бастап қуат нарығының енгізілуіне байланысты энергия өндіруші ұйымдар үшін келесі тарифтер қалыптастырылды:

- инвестициялық жобаларға арналған шығындар мен негізгі борышты өтеуді (жобаларды қаржыландыруға тартылған кредиттер бойынша) қамтитын қуатқа шекті тарифтер;

- электр энергиясын өндіру шығындары мен пайда нормасын қамтитын электр энергиясына шекті тарифтер. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 76 бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесін» бекіту туралы 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығына түзетулер енгізілді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда Бірыңғай сатып алушы моделі енгізілді, ол электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды және нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін теңгерім нарығын көздейді (1 шілдеге дейін модель пилоттық режимде жұмыс істеген).

Электр энергиясын беру және тарату тарифтері, жылу энергиясын өндіру тарифтері және энергиямен жабдықтау ұйымдары (ЭЖҰ) үшін тарифтер Табиғи монополияларды реттеу комитетімен реттеледі. Комитеттің тарапынан реттеу және бақылау заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

Тарифтерге қатысты шешімдерге әлеуметтік және саяси мәселелер елеулі әсер етуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және басқа да саясаты Қоғам тобының операциялық қызметіне елеулі ықпал етуі ықтимал.

Электр энергиясының жаңа нарық моделіне – бірыңғай сатып алушы мен теңгерім нарығы механизміне негізделген модельге көшу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Теңгерім нарығы енгізілгеннен кейін барлық электр энергиясы Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынады.

2024 жылы соңғы тұтынушы үшін электр энергиясына тариф келесі құрамдас бөліктерді ескере отырып қалыптасты:

- Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу;
- Ұлттық желі арқылы беру/пайдалану тарифтері;
- Өңірлік электр компаниялары желілері арқылы беру және тарату тарифтері;
- Реттеу, теңгерімдеу және диспетчерлеу қызметтерінің құны;
- Электр қуатын дайындау қызметінің құны.

4. Өндірістік көрсеткіштер



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша 2024 жылы жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі 33,7%-ды құрады, 2023 жылмен салыстырғанда үлес 8%-ға өсті.

Өндірістік ҚНК (өндірушілерге шаққанда)

2024 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 39 772 млн. кВтс. құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға немесе 4 443 млн.кВтс.ағ. жоғары. Өсім негізінен 2023 жылы қолданыста болмаған «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС және «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС шоғырландыру тобына енгізу есебінен болды. Сондай-ақ, жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізу күндері санының азаюына байланысты «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бойынша 386 млн. кВтс.ағ (7% - ға), «Мойнақ СЭС» АҚ бойынша 238 млн. Бестөбе су қоймасындағы су ағыны былтырғы шамадан жоғары болғандықтан, «Алматы электр станциялары» АҚ бойынша 141 млн.кВтс.ағ (3% - ға) және «Шардара СЭС» АҚ бойынша 54 млн. кВтс.ағ немесе 10% - ға жоғары. Бұл ретте «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС бойынша түтін құбырындағы авариялар нәтижесінде өндірістің 326 млн. кВтс.ағ-ға төмендеуі байқалады (жөндеу жұмыстары 15-18 қараша аралығында болған, 4 энергоблокта 182 сағатқа тоқтаған).

ЕТҰ атаулары	2022 Нақты	2023 Нақты	2024 Нақты	% нақты дерекке 2023 ж.	2025 Болжам
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс					
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	23 048	22 870	22 544	99%	24 565
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	6 002	5 659	6 045	107%	6 000
«АлЭС» АҚ	5 099	5 054	5 196	103%	5 148
«Мойнақ СЭС» АҚ	973	832	1 071	129%	857
«Шардара СЭС» АҚ	518	529	583	110%	500

ЕТҮ атаулары	2022 Нақты	2023 Нақты	20242 Нақты	% нақты дерекке 2023 ж.	2025 Болжам
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	-	-	1 891		1 721
«АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС	-	-	2 057		1 743
«Samruk-Green Energy» ЖШС	19,78	21,52	21,01	98%	20,06
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	136	143	137	96%	152
«Энергия Семиречья» ЖШС	88	221	227	103%	214
Барлығы	35 884	35 330	39 772	113%	40 919
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс					
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	23 102	22 796	21 619	95%	23 413
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	5 938	5 532	5 823	105%	5 661
экспорт	473	577		0%	
«Алматы электр станциялары» АҚ	4 591	4 530	4 596	101%	4 373
«Мойнақ СЭС» АҚ	1 014	912	1 183	130%	892
«Шардара СЭС» АҚ	540	549	584	106%	496
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	-	-	1 883	-	1 712
«АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС	-	-	2 035	-	1 717
«Samruk-Green Energy» ЖШС	19,53	21,23	23,84	112%	24,56
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	135	142	137	96%	151
«Энергия Семиречья» ЖШС	86	216	223	103%	208
Барлығы	35 426	34 699	38 106	110%	38 648
Қуатты сату көлемі, МВт					
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	2 024	1 330	1 830	138%	2 601
оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша					477
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	779	647	899	139%	877
«АлЭС» АҚ	859	808	834	103%	850
оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша	70	70	70	100%	-
«Мойнақ СЭС» АҚ	289	292	289	99%	298
«Шардара СЭС» АҚ	61	61	61	100%	61
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС			329		330
«Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС			576		576
Барлығы	4 013	3 138	4 818	154%	5 593
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал					
«АлЭС» АҚ	5 282	5 582	5 776	103%	5 503
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	78	70	76	109%	76
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	143	124	136	109%	292
«Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО)			672	-	1 459
Барлығы:	5 502	5 776	6 660	115%	7 329

ЕТҰ атаулары	2022 Нақты	2023 Нақты	20242 Нақты	% нақты дерекке 2023 ж.	2025 Болжам
Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс					
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	8 154	8 686	9 259	107%	9 189
Барлығы	8 154	8 686	9 259	107%	9 189
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс					
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ -Энергосбыт филиалы	6 847	7 086	8 736	123%	8 848
Барлығы	6 847	7 086	8 736	123%	8 848
Қуатты сату көлемі, млн тонн	42,41	42,49	43,00	101%	45,00

Алдағы кезеңге болжам:


2025 жылға арналған болжам бойынша **электр энергиясын өндіру көлемі** 2024 жылғы нақты көрсеткішпен салыстырғанда ұлғаяды деп күтілуде. 2025 жылы электр энергиясын өндіру көлемінің 1 147 млн кВтс-қа артуы негізінен «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС №1 блогының пайдалануға берілуімен байланысты.

2024 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемі** 6 660 мың Гкал-ды құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 15%-ды құрады. Бұл өсім «Energy Solutions Center» ЖШС-ның (Екібастұз ЖЭО) өндіріс көлемінің консолидация периметріне енуіне байланысты болды.

Болашақ кезеңге болжам:

2025 жылға арналған жоспар бойынша жылу энергиясын өндіру көлемі 2024 жылғы нақты көрсеткішпен салыстырғанда 10%-ға ұлғаяды деп болжануда. Бұл негізінен 2024 жылы «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) өндіріс көлемі ҮҚШ күшіне енген сәттен бастап тек 5 айға ғана есепке алынғанымен түсіндіріледі.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желілері бойынша 2024 жылы **электр энергиясын жеткізу көлемі** 9 259 млн кВтс-ты құрап, 2023 жылғы нақты көрсеткіштен 7%-ға немесе 572 млн кВтс-қа артық болды. Бұл өсім Алматы өңірінде тұтыну көлемінің артуымен байланысты.



Алдағы кезеңге болжам:

2025 жылы **электр энергиясын беру және тарату көлемдері** бойынша 2024 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 1%-ға азаю күтілуде. Бұл Алматы өңіріндегі тұтыну бойынша болжаммен байланысты.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымның **есепті кезеңдегі электр энергиясын сату көлемі** 8 736 млн кВтс-ты құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23%-ға жоғары. Өсім «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Энергосбыт филиалы қызмет көрсететін аймақта электр энергиясын тұтыну көлемінің артуына байланысты болды.

<u>Атауы</u>	<u>Нақты 2023ж.</u>	<u>Нақты 2024ж.</u>	<u>ауытқ у.</u>	<u>%</u>
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы -Энергосбыт				
Тұтынушылар саны, оның ішінде:	929 929	987 583	57 654	106%
<i>Тұрғындар</i>	<i>891 214</i>	<i>943 134</i>	<i>51 920</i>	<i>105%</i>
<i>заңды тұлғалар</i>	<i>38 715</i>	<i>44 449</i>	<i>5 734</i>	<i>114%</i>
<u>Сату көлемі, млн кВтс</u>	<i>7 086</i>	<i>8 736</i>	<i>1 650</i>	<i>123%</i>


Алдағы кезеңге болжам:

2025 жылға арналған болжам бойынша **электр энергиясын сату көлемі** 2024 жылғы нақты деңгеймен салыстырғанда 1%-ға артады, бұл «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Энергосбыт филиалы қызмет көрсететін аймақта электр энергиясын тұтыну көлемінің болжамды өсуімен байланысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша **көмірді сату көлемі** 42 997 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1%-ға артық. Қазақстан Республикасы бойынша сату көлемі тұтынушылар тарапынан сұраныстың артуына байланысты 3%-ға ұлғайды. Ал Ресей Федерациясына көмір жөнелту көлемі 5%-ға төмендеді, себебі 8 сәуір мен 25 сәуір аралығында

санкциялар мен вагондардың берілмеуіне байланысты жөнелту тоқтатылған болатын.

2024 жылы аршу коэффициенті 0,94 м3/тоннаны құрады, ұқсас кезеңде 0,84 м3 / тоннаны құраған.



Алдағы кезеңге болжам:

2025 жылға арналған болжамда көмір сату көлемі 2024 жылға қарағанда 2 003 мың тоннаға немесе 5%-ға ұлғаяды. 2025 жылы шектеусіз сату жоспарланған.

5. Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар

Күні	Оқиғалар
16 қаңтар 2024 ж.	Өтімділікті басқару бағдарламасы аясында АХҚО Биржасымен прелистингтік келісім жасалды, бұл Қоғам тобына АІХ алаңында облигациялар шығаруды жедел мерзімде және жеңілдікті комиссиялық шарттармен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
25 қаңтар 2024 ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ мен Қоғам арасында 2011 жылғы 14 қаңтардағы № С.Э./45-И Кредиттік шартқа №2 қосымша келісімге қол қойылды. Аталған келісім бойынша қарыз мерзімін 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін ұзартуды, сондай-ақ 2024 жылғы 26 қаңтардан бастап сыйақы мөлшерлемесін өзгерту көзделеді – ол сыйақы төлеу күні тиесілі жылға дейінгі 10 жыл ішіндегі Қазақстан Республикасындағы орташа жылдық инфляция мөлшерлемесімен тең болады.
15 ақпан 2024 ж.	Маневрлік жұмыс режимде жұмыс істейтін жаңадан іске қосылатын генерациялық қондырғыларды салуға арналған аукциондық саудасаттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер З-АЖЭО және Түркістан БГҚ жобалары бойынша пайдалануға беру актілерін ұсыну мерзімін 36 айдан 48 айға дейін ұзартуды көздейді.
16 ақпан 2024 ж.	Қоғамның «Богатырь Көмір» ЖШС алдындағы қарызы бойынша 1,5 млрд теңге көлемінде ішінара мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылды.

Күні	Оқиғалар
1 наурыз 2024 ж.	Инвестициялық бағдарламаларды қарауға жіберу, қарау және іріктеу қағидаларына өзгерістер енгізілді, бұл өзгерістер жыл бойы инвестициялық бағдарламаларды қарау үшін Нарық кеңесіне өтінім беруге мүмкіндік береді (бұған дейін өтінімдер жылына бір рет, 1 ақпанға дейін қабылданатын).
1 сәуір 2024 ж.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушыларын кепілдік беруші жеткізушілерге бере отырып, реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметі алынып тасталды.
8 сәуір 2024 ж.	Электр қуаты нарығының қағидаларына өзгерістер енгізілді, соның аясында қуат нарығынан 900 млн теңге мөлшерінде қаражатты қайтару қамтамасыз етілді (төмендету коэффициенті – k3).
22 сәуір 2024 ж.	БЭЖ-дің (Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің) жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес тәуліктік бекітілген кестеден 20%-дан жоғары ауытқу болған жағдайда көтерме нарық субъектілеріне түзету коэффициенті (1,3) қолданылатын болады.
25 сәуір 2024 ж.	Жалғыз акционердің шешімімен дивидендтер төлеуге 20,6 млрд теңге мөлшерінде қаражат бағыттау туралы шешім қабылданды.
02 мамыр 2024 ж.	Жалғыз акционерден «АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС және «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС-ның 100% қатысу үлесін төлеу есебінен бағалау құны 36,224 млрд теңге және тиісінше 23,5 млрд теңгеге сатып алу арқылы Қоғамның 375 500 және 260 000 акциясы орналастырылды.
23 мамыр 2024 ж.	Қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ купондық облигацияларын 5 млрд. теңге сомаға сатып алды
Мамыр-маусым 2024 ж.	2024 жылдың мамыр-маусым айларында ЕТҰ-ны кезең-кезеңімен қосу арқылы физикалық кэш-пулинг механизмі іске қосылды, бұл Топтың қолма-қол ақшаны басқару тиімділігін арттыруға, қаржылық кірістерді ұлғайтуға және банктік шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді
19 маусым 2024 ж.	Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздері мен электр энергетикасын пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. ҚРЗ шеңберінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызмет тарифіне (Алматы 2-ЖЭО-ны жаңғырту жобасы бойынша) жылыту жабдығы шығындарын және тиісті қарыздар бойынша сыйақыларды қосу бөлігінде өзгерістер қабылданды.
21 маусым 2024 ж.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС станциясында отын берудің III трактісін салу жобасын қаржыландыру туралы шешім алынды, бұл қолданыстағы (I/II) отын беру тракттарын үздіксіз жөндеуге шығаруға мүмкіндік береді.
30 маусым 2024 ж.	2023-2024 жж. КҚК-нің сәтті өтуі (технологиялық бұзушылықтар саны 187-ден 165-ке дейін азайды)
30 маусым 2024 ж.	Бірінші жартыжылдықта жоспарланған жылдық жөндеу жұмыстарының көлемі 41%-ға орындалды. Жөндеу науқаны кестеге сәйкес өтуде.
17 маусым 2024 ж.	Қоғам тобы Екібастұз қаласы әкімдігінің меншігіндегі Екібастұз ЖЭО мүліктік кешенін сенімгерлік басқаруға қабылдады
24 маусым 2024 ж.	Қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп 50% тең үлеспен бірлескен заңды тұлғаларды – «Көкшетау ЖЭО» ЖШС, «Семей Энерго» ЖШС және «Өскемен Энерго» ЖШС-ны құрды.

Күні	Оқиғалар
2 шілде 2024 ж.	«Алматы Электр Станциялары» АҚ жобасы шеңберінде 21 млрд.теңге сомаға 2-ЖЭО-ны газдандыру бойынша ЕҚДБ-дан алғашқы іріктеу жүзеге асырылды. Жоба ЖЭО-ның экологиялық жағдайын жақсартуға және жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған. ЕҚДБ-дан 22,9 млрд.теңге сомаға кейінгі іріктеу 2 желтоқсанда жүзеге асырылды.
8 шілде 2024 ж.	Мемлекет басшысы «Таза көмір технологиялары (3-МАЭС) базасында маневрлік электр станциясын салу» жобасы бойынша инвесторлар тартуға жағдай жасау үшін заңнамалық түзетулерге қол қойды
18 шілде 2024 ж.	«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында 79 млрд.теңге сомаға «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ны қайта құруды қаржыландыруға кредиттік келісім жасалды, игерілген сома 2024 жылы 39,3 млрд. теңгені құрады. Станцияның жұмысын жақсарту үшін отын беруді жаңғырту жүзеге асырылды.
24 шілде 2024 ж.	Қоғам 2023 жылы Жалғыз акционердің пайдасына 20,6 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. Бұл сома Топ үшін рекордтық көрсеткіш болды.
25 шілде 2024 ж.	Басқарма шешімімен қатысушылардың - Қоғам 4 137 млн.тг. «Самұрық-Қазына» АҚ 4 137 млн. тг. қосымша салым салуы арқылы «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту мақұлданды. Капиталды ұлғайту Компанияның қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға және инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді.
30 шілде 2024 ж.	Liquidity Management Program облигациялық бағдарламасы АІХ-те 250 млрд. теңге лимитімен тіркелді. Бағдарлама Топтың еншілес ұйымдары үшін облигациялардың неғұрлым жедел шығарылуын қамтамасыз етеді.
21 тамыз 2024ж.	Қоғам «PARYZ» Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің Ұлттық конфедерациясына кірді.
19 қыркүйек 2024 ж.	«1-блокты қалпына келтіру» жобасы бойынша «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС қарызының бір бөлігі 34,7 млрд.теңге сомаға ұзақ мерзімді облигациялар шығару арқылы қайта қаржыландырылды, бұл пайыздық шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік берді.
27 қыркүйек 2024 ж.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында «ТӨҚ құбырын ауыстыру» және «РНД жұмыс дөңгелектерін (4,5 саты) қаптау жиынтығын сатып алу» жобаларын қаржыландыру мақсатында 5,5 млрд. теңге сомасына кредиттік келісім жасалды.
14 қазан 2024 ж.	Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі қоғамның кредиттік рейтингтерін «BB+» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».
30 қыркүйек 2024 ж.	Генуя университетімен АЭЖБУ студенттерін тағылымдамадан өткізу бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.
16 қазан 2024 ж.	Қазақстандық тауар өндірушілердің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Іс-шара отандық тауар өндірушілерді қолдау және дамыту шеңберінде «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС-мен бірлесіп «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен өткізілді. Жыл қорытындысы бойынша 10,1 млрд. теңге сомасына офтейк – келісімшарттар жасалды.
28 қазан 2024 ж.	2021 жылдан бастап қаржы-шаруашылық қызметтің болмауына байланысты «Ресурсэнергоголь» ЖШҚ-ның таратылу фактісі тіркелді.
30 қазан 2024 ж.	1997 жылдан бастап Қаржы-шаруашылық қызметінің болмауына байланысты «Шүлбі СЭС» АҚ-ның таратылу фактісі тіркелді.
14 қараша 2024 ж.	Forum Muider B. V. (Нидерланды) шетелдік активтерді АХҚО-ға қайта ауыстыру рәсімі шеңберінде Forum Muider Limited (Кипр) - ке қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды.

Күні	Оқиғалар
21 қараша 2024 ж.	1-ЖЭО мен БЖК («Алматы Электр Станциялары» АҚ) қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесінен деректерді «ҚР Қоршаған ортаның және табиғи ресурстарының жай-күйі туралы ұлттық деректер банкіне» («ҚОЖТРЖ ҰДБ және т.б.») онлайн-режимде 20 минут аралықпен беруге кірісті.
20 желтоқсан 2024 ж.	15 млрд.теңге сомаға 2-ЖЭО-ны газға көшіру бойынша «Алматы Электр Станциялары» АҚ жобасы шеңберінде АДБ-дан алғашқы іріктеу жүзеге асырылды.
26 желтоқсан 2024 ж.	«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-да № 1 энергия блогы пайдалануға берілді.
31 желтоқсан 2024 ж.	«Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңын орындау мақсатында «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды.
2024 жыл бойында	Қоғамның Компаниялар тобында энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша 67 түрлі іс-шара іске асырылды, бұл 1,2 млрд. астам теңгені үнемдеуге мүмкіндік берді (жедел деректер бойынша).
2024 жыл бойында	Экономикалық әсері 594 млн.теңгеге (жедел деректер бойынша) 54 рационализаторлық ұсыныс мақұлданды.
2024 жылдың 12 айында	Қоғам тобы тарифтердің өсуі мен тиімділіктің артуы аясында 9,6 млрд. теңгені құрайтын қаржылық кірістердің рекордтық деңгейіне жетті, бұл алдыңғы кезеңдердегі ұқсас көрсеткіштерден едәуір асып түсті. 2023 жылмен салыстырғанда кірістер 1,5 есе өсті (2023 жылы 6,5 млрд.). 2022 жылмен салыстырғанда кірістер 3,5 есе өсті (2,75 млрд.теңге.), ал 2021 жылмен салыстырғанда-3,7 есе (2,6 млрд. теңге.).
	Total компаниясымен бірге энергияны жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС жобасы.
2 ақпан 2024 ж.	Президент ҚР мен Франция арасындағы үкіметаралық келісімді ратификациялау туралы жарлыққа қол қойды.
28 қазан 2024 ж.	ҚР Үкіметінің №898 қаулысымен Инвестициялар туралы келісімге №1 қосымша келісімді мақұлдау туралы шешім қабылданды.
28 қараша 2024 ж.	Инвестициялар туралы Келісімге №1 қосымша келісімге қол қойылды
	Алматы және Қарағанды облыстарында Power China-мен бірлесіп ЖЭК жобасын 810 МВт-ға дейін кеңейту.
26 шілде 2024 ж.	Qazaq Green Power PLC және Powerchina арасында Шелек дәлізінде (JDA) ЖЭК жобасын 810 МВт-ға дейін кеңейту бойынша бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойылды.
	CHINA Energy Overseas Investment Co (Energy China) компаниясымен бірлескен 800 МВт ЖЭК жобасы.
15 қазан 2024 ж.	Қоғам мен Energy China арасында бірлескен жобаны (JDA) әзірлеу туралы келісімге қол қойылды.
12 қараша 2024 ж.	SOP 29 конференциясында (Баку, Әзірбайжан) Қоғам мен Energy China арасындағы жобаны (JIA) бірлесіп әзірлеу жөніндегі келісімге, сондай-ақ ҚР мен ҚХР арасындағы үкіметаралық келісімге қол қойылды.
	Masdar компаниясымен бірге энергияны жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС жобасы
12 – 15 қараша 2024 ж.	«MASDAR-мен бірлесіп ЭЖЖ бар 1 ГВт ЖЭС салу» жобасы бойынша SOP29 алаңдарында Инвестициялар туралы келісімге (ИТК) және электр энергиясын сатып алу шартына (PPA) қол қойылды.
	China Power International Holding (CPIH) компаниясымен бірлесе отырып, ЭЖЖ бар 1 ГВт ЖЭС жобасы.

Күні	Оқиғалар
5 наурыз 2024 ж.	АХҚО базасында Astana Green Energy Holding Ltd жобалау компаниясы тіркелген.
12 қараша 2024 ж.	Халықаралық инвесторлар — СРІН және China Energy-мен екі ірі жобаны қамтитын ҚР мен ҚХР арасындағы үкіметаралық келісімге қол қойылды.
	PetroKazakhstan-мен (CNPC) бірлесіп қуаты 400 МВт ЖЭС салу жобасы
2 шілде 2024 ж.	ҚКДС алаңдарында «Самұрық-Қазына» АҚ мен CNPC арасында негіздемелік келісімге (FA) қол қойылды.
23 тамыз 2024 ж.	Қоғам, «ҚазМұнайГаз» АҚ және PetroKazakhstan арасында Қағидаттар туралы келісімге қол қойылды.
31 желтоқсан 2024 ж.	Ұлытау облысында жел өлшеу дінгегін орнату аяқталды.
	«Unigreen Energy-мен бірлесіп, жалпы қуаты 1 ГВт ЖЭК салу» жобасы.
19 қаңтар 2024 ж.	Жобаның жол картасы бекітілді.
4-тоқсан 2024 ж.	КАП 60 МВт және KEGOC 185 МВт жобалары бойынша CBM әзірленді.
31 желтоқсан 2024 ж.	Жалпы қуаты 500 МВт болатын 2-ші кезекті анықтау бойынша хаттамаға қол қойылды.
	UCC бар «Қызылорда облысында қуаты шамамен 1100 МВт бу-газ қондырғысы базасында электр станциясын салу» жобасы
14 ақпан 2024 ж.	ҚР Энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және Urbacon Concessions Investments WLL (UCC) арасында қағидаттар туралы келісімге (heads of Agreement) қол қойылды.
20 наурыз 2024 ж.	Катар Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында үкіметаралық келісімге (ҮАК) қол қойылды.
30 қазан 2024 ж.	ҮАК «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының № 133-VIII Заңымен ратификацияланды.
4 желтоқсан 2024 ж.	Қоғамның Басқарма төрағасы және «Power International Holding» компаниялар тобының Президенті Жобаны бірлесіп іске асыру туралы келісімге (JIA) қол қойды.

6. Компанияны дамытудың негізгі бағыттары

2024 жылғы 19 шілдеде Қоғамның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясының жаңа редакциясы бекітілді. Стратегияны өзектендіру қажеттілігі сала мен Қоғам деңгейіндегі елеулі өзгерістерге байланысты туындады.

Қоғам алдында ішкі тұтынушыларды энергия ресурстарымен қамтамасыз ету мен экспорттың оңтайлы арақатынасын қамтитын, жоғары экономикалық тиімділікке, инновациялық жетілдіруге және әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарына негізделген теңгерімді даму моделін қалыптастыру міндеті тұр. Осы негізде Қоғамның стратегиялық пайымы айқындалады.

Пайымдау: Адамдар мен қоршаған ортаға қамқорлық, сенімді әріптестік қағидаттары негізінде барлық мүдделі тараптар үшін қолайлы экожүйені қалыптастыратын, электр энергетикасы саласындағы тиімділігі жоғары инновациялық көшбасшы.

Миссия: Біз еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз және орнықты даму мен ресурстарды тиімді басқару қағидаттарын ұстана отырып, жеделдетіп энергияға көшуге ықпал етеміз.

Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам миссиясынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге Қоғам неғұрлым көп ықпал ететін негізгі стратегиялық қызмет бағыттары айқындалды:

Энергетикалық қауіпсіздік. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы жолбасшы бола отырып, Қоғам Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі болып қала береді. Сыртқы факторлар тарапынан орын алып отырған шектеулер алдағы кезеңде базалық және маневрлік генерацияны қолдау және кеңейту қажеттілігіне алып келеді.

Тиімділік. Қоғам деңгейінде электр және жылу энергиясының қолжетімділігі оның қызметінің тиімділігі тұрғысынан басқарылуы мүмкін. Электр және жылу энергиясын тиімді өндіру – жалпы шығындар деңгейін төмендетудің негізгі тәсілі, бұл қолжетімді бағаларды қалыптастыруға көбірек мүмкіндік береді.

Энергетикаға көшу. Ұзақ мерзімді перспективада Қоғам энергетикаға көшу (2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу) жөніндегі мемлекеттік мақсаттарды қолдап, қызмет бағытын мемлекеттік саясатқа сәйкес қайта бағдарлай отырып, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамытудың қозғаушы күшіне айналады.

Орнықты даму. Орнықты дамуды жүйелі басқару Қоғамның орнықты даму саласындағы басымдықтарын стратегиялық деңгейде белгілеуге мүмкіндік береді.

Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру қорытындылары

6.1 Халықаралық ынтымақтастық арқылы базалық және маневрлік қуаттылықты құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру

- 2024 жылғы 31 желтоқсанда Қоғам Басқармасы «3-МАЭС көмір станциясының 1-4 блоктарын салу» жобасы бойынша алдын ала техникалық-экономикалық негіздеменің алдын ала нәтижелерін бекітті. Қазіргі уақытта материалдарды Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне тапсыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

6.2 Қолданыстағы активтерді заманауи технологияларды қолдана отырып жаңғырту және қайта құру

- 2024 жылғы 30 желтоқсанда «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ның №3 энергия блогын жаңғырту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне «Мемсараптама» РМК-нің оң қорытындысы алынды.

- 2024 жылғы қыркүйекте ҚР Энергетика министрлігі мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ны №3 ст. блогын орнату арқылы кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша инвестициялық келісім жасалды.

- «Алматы қаласының электр желілерін қайта құру» жобасы бойынша кабельдік желілерді төсеу, кабель-өткізгіш өнімдерді сатып алу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. «6 кВ РП-42 электр желілерін 10 кВ жоғары кернеуге ауыстыру. Қолданыстағы кабельдік желілерді ауыстыру» және «№133А Орбита 35/10 кВ қосалқы станциясын 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы

станциямен бірге 10 кВ тарату пунктіне ауыстыру» объектілері бойынша пайдалануға беру актілеріне қол қойылды.

6.3 Уақтылы және сапалы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізу

- Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр желілерінің тозуын 88,8%-ға дейін жаңғырту және қайта құру арқылы олардың тозу деңгейі төмендетілді.

- «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-да №1 энергия блогы пайдалануға берілді.

6.4 Жеткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету

- 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ресей Федерациясына байытылмаған көмір экспорты – 9 317 мың тоннаны құрады.

- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желілеріндегі технологиялық шығындар төмендеді. 2020 жылғы шығындармен салыстырғанда (нақты – 12,6%) нақты шығындардың төмендеуінен 3 млрд 656 млн теңге немесе (10,72%) құрады.

6.5 Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу технологиялары мен процестерін енгізу

- Энергия ресурстарын есепке алуды жетілдіру үшін 67 іс-шара іске асырылды, бұл 1,2 млрд теңгеден астам қаражат үнемдеуге мүмкіндік берді.

- 594 млн теңгені үнемдеуге болатын 54 ұтымды ұсыныс мақұлданды.

6.6 Активтерді басқару құрылымын оңтайландыру

- «Forum Muider компаниясын АХҚО юрисдикциясына редомициляциялау» шарасы бойынша 2024 жылы қарашада Никосия қаласының (Кипр) сот шешімімен Forum Muider B.V. (Нидерланды) компаниясы Forum Muider Ltd (Кипр) компаниясына қосылды.

6.7 Операциялық тиімділікті арттыру (өзіндік құнды, бизнес-процестерді оңтайландыру)

- Компаниялар тобында ұзақ мерзімді жобаларды іске асыру бойынша жұмыстың жоспарлы кезеңдері өткізілді: Қоғам компаниялары тобы бойынша HR-процестерді автоматтандыру, Қоғам компаниялары тобы бойынша ақпараттық қауіпсіздік жүйесін енгізу, Қоғам компаниялары тобы бойынша өндірістік мониторинг жүйесін енгізу, Қоғам компаниялары тобы бойынша күнделікті бизнес-процестерді (RPA) роботтандыру, Қоғам компаниялары тобы бойынша инвестициялық жобаларды басқару жүйесін (ИЖБЖ) енгізу.

- Корпоративтік орталықта «Электрондық мұрағат» жобасы іске асырылды, оның шеңберінде мұрағат электрондық форматқа ауыстырылды, мұрағаттық құжаттардың қағаз нұсқалары цифрландырылды, бұл мұрағатшының жұмысын жеңілдетуге және мұрағаттық құжаттарды іздеу уақытын қысқартуға мүмкіндік берді.

6.8 Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері бойынша 2024 жылдың 12 айында Қоғам кредиторлардың қаржылық ковенанттарын сақтады. Мәселен, 2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қарыз/EBITDA коэффициенті шек 3.50-ден аспаған жағдайда 1.62-ні құрайды. EBITDA/пайыз коэффициенті шегі 3.00-ден кем болмаған кезде 12.23-ті құрайды. Ковенанттар жарты жылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша тіркеледі.

6.9 Заманауи цифрлық шешімдер мен технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті ендіру

- Қоғамның корпоративтік орталығында «Горизонтальды мониторинг» жобасының жоспарлы кезеңдері іске асырылды.

- «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (№7 және №8 энергия блоктары), «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ, «Алматы Электр Станциялары» АҚ (1-ЖЭО және БЖК) станцияларында қоршаған ортаға автоматтандырылған эмиссияларды бақылау жүйелері орнатылды.

6.10 Заңнамалық бастамаларды қалыптастыру және тарифтерді белгілеу

2024 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бірлесіп, энергетика саласын дамыту мақсатында электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша іс-шаралар өткізілді. Осылайша, мынадай бастамалар енгізілді, олар:

1) ең аз шығарындылары бар жаңа буын станцияларын салуға арналған тендер тетігі арқылы инвестицияларды қайтаруға;

2) жылу беру жабдығы бойынша шығындарды және тиісті қарыздар бойынша сыйақыларды электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі көрсетілетін қызмет тарифіне қосу арқылы инвестицияларды қайтаруға;

3) күнтізбелік жыл ішінде қуатты қосымша сатуға (тұтынушылардың шарттық көлемін ұлғайту есебінен және авариялық-істен шығу генерациясы себебінен).

4) маневрлік генерациялау режимі бар генерациялаушы қондырғыларды пайдалануға енгізу актілерін беру мерзімін (36 айдан 48 айға дейін) ұлғайтуға мүмкіндік береді.

6.11 ЖЭК және СЭС инвестициялық жобаларын іске асыру және халықаралық ынтымақтастық

«ЮНИГРИН ЭНЕРДЖИ» компаниясымен жалпы қуаты 1 ГВт-ға дейінгі СЭС салу» жобасы бойынша «БГҚ-Түркістан» ЖШС, «KEGOC» АҚ және КАП-пен электр энергиясын сатып алу-сату шартына қол қойылды.

6.12 Көміртегі ізін декарбонизациялау және азайту

«Көміртекті тту және сақтау технологияларын (CCS) қолдану мүмкіндіктерін талдау және зерделеу, көмір химиясы өнімдерін алу» жобасы бойынша «Назарбаев Университеті» ДББҰ-мен шарт жасалды. ЖЭС түтін газдарынан бөлініп алынған CO₂-ні ұстаудың, сақтаудың және пайдаланудың қолданыстағы және перспективті технологияларына аналитикалық шолу әзірленді, көмірді бумен оттегісіз газға

көшіруді зерттеу үшін эксперименттік зертханалық қондырғы дайындауға конструкторлық құжаттама әзірленді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша көмірді оттегісіз бумен газға көшіру зертханалық қондырғысында эксперименттер жүргізілді, өнімділігі жақсартылған мембраналық материалдардың селективтілігі, өткізгіштігі және тиімділігі зерттелді. Көмірді бумен газдандыру процесіне режимдік және конструктивтік параметрлердің әсері зерттелді.

- ЖЭК және ГЭС объектілерінен көміртегі бірліктерін (офсеттерді) сату, ҚР нарығында сатудан түсетін қосымша табыс мақсатында ЖЭК объектілерінен I-REC сертификаттарын сату» іс-шарасы бойынша іс-шара :

- *«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС:*

- 2024 жылғы 1 қазанда «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС «ESC» ЖШС-мен тоннасына 397 теңге көлемінде 53 970 тонна офсеттік бірліктерді сатуға шарт жасасты. Офсеттік бірліктердің қалдығы 184 725 тоннаны құрайды.

- *«Энергия Семиречья» ЖШС:*

- 2024 жылғы 29 мамырда «Энергия Семиречья» ЖШС шотына 2023 жыл үшін офсеттік бірліктер саны 182 583 тоннаға есептелді.

- 2024 жылғы 20 қыркүйекте «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС-мен Дэг - Дойче Инвестиционс унд Энтвиклунгсгезельшафт мбХ»-ның қатысуымен тоннасына 600 теңгеден 220 тонна көміртегі бірлігін сатуға шарт жасалды. Бүгінгі таңда офсеттік бірліктердің қалдығы 248 429 тоннаны құрайды.

- Қазіргі уақытта офсеттік бірліктерге балама ретінде оларға жоғары сұраныс пен бағаның жоғары екенін ескере отырып, IREC сертификаттарын алу қарастырылуда.

- «Жасыл» қаржыландыру құралдарын пайдалану» жобалары бойынша жыл сайынғы іс-шаралар іске асырылды. Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ISMA) жасыл облигациялар қағидаттарының және Климаттық бондтар бастамалары Климаттық бондтар стандарттарының (Climate Bond Initiative) негізгі элементтерін ескере отырып, KASE және AIX биржаларында жасыл облигацияларды орналастыру және «DFO, ЕСА-дан (халықаралық даму институттары, экспорттық қаржыландыру) қаржыландыруды тарту».

6.13 Энергия жинақтау жүйелерін қолдану есебінен ЖЭК генерациялау объектілерінен тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету

- China Power International Holding Ltd.» компаниясымен бірлесіп, энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт ЖЭС салу» жобасы бойынша 2024 жылғы 12 қарашада ҚР және ҚХР Үкіметтері арасында ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру туралы ҰАК-ге қол қойды. Жоба ірі жобалар тізіміне енгізілді.

- «Энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт ЖЭС салу» жобасы бойынша «Masdar» компаниясымен бірлесіп, CoI, SHA, PPA жобасы бойынша құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ, 2024 жылғы 11 қарашада АХҚО базасында «Qazaq Wind Power LLP» жобалау компаниясы құрылды.

6.14 Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру және комплаенс

- «GRI-ға сәйкес орнықты даму саласындағы жыл сайынғы есепті дайындау» іс-шарасы бойынша іс-шара Директорлар кеңесінің 31.05.2024ж. шешімімен

(№07/24 хаттама) 2023 жылдың қорытындысы бойынша Интеграцияланған жылдық есеп бекітілді.

- «Акционердің корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізуі және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі орта мерзімді жоспарларды әзірлеу (Акционер белгілеген мерзімде)» іс-шарасы бойынша іс-шара Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№03/25 хаттама) 2024 жылдың нәтижелері бойынша ССУР Жол картасы бойынша есеп бекітілді. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша СУР Жол картасының орындалуы 98%-ды құрады.

- «Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру арқылы имиджді арттыру» іс-шарасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру арқылы имиджді арттыру үшін барлық іс-шаралар (жыл сайын) өткізіледі.

- 2025 жылдың 31 желтоқсанында Sustainable Fitch Компанияға 52 балл деңгейінде кәсіпорын рейтингі бойынша «3» деңгейінде ESG рейтингін берді. Рейтинг орташа ESG профилін көрсетеді.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қызметкерлердің этикалық нормалар мен қағидаттарды түсінуіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлық фактілеріне мүлдем төзбеушілікке бағытталған 290-нан астам оқыту тренингі өткізіліп, ақпараттық таратылымдар таратылды, бұл туралы тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне ақпарат беріледі. «Комплаенс» қызметінің есептері шеңберінде осы салада іске асырылған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылады.

6.15. Адам капиталын дамыту

- «Қызметкерлер үшін тартымды жағдайлар жасау» іс-шарасы бойынша жыл сайынғы негізде қызметкерлерді кәсіптік және корпоративтік оқыту процесі ұйымдастырылады. Тәлімгерлік бағдарламалары, Қызметкерлерді босату жөніндегі бағдарлама, Қоғам компаниялары тобындағы мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы, инклюзивті және қолжетімді ортаны құру мен қолдау жөніндегі бағдарлама бекітілді. Корпоративтік құндылықтарды дамыту үшін іс-шаралар өткізіледі.

- Қоғам Басқармасының шешімімен Негізгі лауазымдар мен таланттар пулы тізбесі бекітілді. Тізбе жыл сайын жасалады және бекітіледі.

6.16. Әлеуметтік кепілдіктерді, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды қамтамасыз ету

Қоғам тобы бойынша жыл сайын жалақы индекстеледі. 2024 жылы қызметкерлердің жалақысына орташа есеппен 16%-ға индекстеу жүргізілді. Қызметкерлерге жыл сайын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер қарастырылған: материалдық көмектің әртүрлі түрлері (демалысқа, баланың туылуына, үйлену тойына, жерлеуге), санаторий-курорттық емдеу, медициналық сақтандыру, мерейтойға байланысты біржолғы көтермелеу, балаларға жаңа жылдық сыйлықтар, зейнеткерлікке шыққан кезде біржолғы жәрдемақы және т. б.

6.17 H & S бойынша озық тәжірибелерді қолдану арқылы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету

Қоғам Басқармасының шешімімен «Жазатайым оқиғаларды азайту үшін қауіпті әрекеттерді/ жағдайлар мен инциденттерді тіркеу процесін автоматтандыру» жобасы бойынша іске асырылған «Қауіпсіз өндіріс» жобасының мониторингінен кейінгі қорытындылар бойынша есеп бекітілді.

6.18 Негізгі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру

- GRI-ға сәйкес дайындалған интеграцияланған жылдық есепті Директорлар кеңесі 2024 жылдың 31 мамырында бекітті. Сондай-ақ Жылдық есепте қамтылған 24 қаржылық емес көрсеткіш бойынша «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-дан тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алынды.

- Fitch Rating BB+ деңгейінде растады.

6.19 Жаңа жобаларды іске асыру кезінде суға, биоәртүрлілікке және топыраққа зиянды азайту бойынша заманауи тәжірибелерді ендіру

- 2024 жылғы 16 тамызда «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС су қоймасына 22 180 дана бір жастағы сазан (тұқы) балық жіберді.

- 2024 жылғы 8 қазанда «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС су қоймасына 107 931 дана сазанның биылғы төлін жіберді.

7 Есеп саясатының қағидаттары

Қоғамның 2024 жылғы электр энергетикасы және көмір өндіру салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

Қоғамның компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті жасау кезінде шоғырландырудағы бірыңғай тәсіл мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан басқа, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни қайта бағалауды есепке алмай жүргізіледі. Еншілес компаниялар сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шоғырландырылған баланста үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ, Forum Muider B.V. көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымы алынып тасталды, оларда Қоғам тарапынан меншік үлесі 50%-ды құрайды.


Қоғамның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайда үлесі «үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда/залал үлесі және инвестицияның құнсыздануы» бабында көрініс табады.

8. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2022 (нақты)	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (болжам)
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	381 465	444 960	573 490	691 659
2	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	288 929	329 676	371 645	479 409
3	Жалпы пайда	92 536	115 284	201 845	212 250
4	Операциялық пайда	64 574	92 828	172 987	176 610
5	Амортизация, пайыздар және КТС (EBITDA) бойынша аударымдарға дейінгі пайда	141 382	159 484	226 241	266 714
6	Салық салуға дейінгі пайда (залал)	46 417	63 082	147 524	147 352
7	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	16 111	19 352	34 555	34 009
8	Азшылық үлесі шегерілгенге дейінгі жиынтық пайда (залал)	30 306	43 730	112 969	113 342
9	Азшылық үлесі	175	649	461	712
10	Топ акционерлеріне тиесілі қорытынды пайда	30 132	43 080	112 508	112 631

Ескертпе: Кірістер мен өзіндік құнның талдамасы қызмет түрлері бөлінісінде (сегменттер бойынша емес) және элиминациялау есепке алынбай көрсетілді.

Қоғамның Компаниялар тобы бойынша **өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірістері** 2024 жылы 573 490 млн теңгені құрады:




Шоғырландырылған түсімнің ұлғаюы көбінесе сату (өткізу) сегменті бойынша электр энергиясын өткізу көлемінің 1 651 млн. кВтсағ (23%) және электр энергиясын өткізу тарифі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы 23,64 теңге/кВтсағ-тан 28,03 теңге/кВтсағ-қа дейін кірістің өсуіне байланысты болды.

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің ұлғаюы электр энергиясын беру көлемінің 572 млн.кВтсағ (7%) өсуіне және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын беру тарифінің 7,68 теңге/кВтсағаттан 9,95 теңге/кВтсағатқа дейін өсуіне байланысты.

Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша түсімнің өсуі «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС мен «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС шоғырландыру периметріне қосу, ағынның көп болуына байланысты су электр станцияларын сату көлемінің өсуі, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭӨҰ шекті тарифтерінің ұлғаюы, сондай-ақ 2024 жылғы өткізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша қуатты өткізу көлемінің ұлғаюы және «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС мен «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС қуаттылық көлемін шоғырландыру периметріне қосу есебінен орын алды.

Сондай-ақ, «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның сату көлемінің өсуі және «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) көлемдерін шоғырландыру периметріне қосу есебінен жылу энергиясын өндіру сегменті бойынша ұлғаю байқалады. Бұған қоса, «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның жылу энергиясына тарифі 4 215 теңгеден/Гкал-дан 5 195 теңгеге/Гкал-ға дейін ұлғайды.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2024 жылғы кірістің құрылымы



Алдағы кезеңге арналған болжам: 2025 жылға арналған болжамда сатудан түсетін кіріс 691 659 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2024 жылғы фактіден 118 169 млн. теңгеге немесе 21% - ға жоғары. Ұлғаю электр энергиясын өндіруге және сатуға арналған тарифтердің өсуіне (айына 1 065 мың теңге/МВттеңгеден* айына 1 169 мың теңге/МВт*-ға дейін), сондай-ақ «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ның №1 блогын іске қосудың арқасында болып отыр.

Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс

Көрсеткіш, млн теңге	2022 (нақты)	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	381 465	444 960	573 490	691 659
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	189 266	186 939	198 847	257 776
«Алатау Жарык Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы	137 578	168 309	247 127	304 146
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	86 220	96 660	125 605	133 983
«Алатау Жарык Компаниясы» АҚ	53 842	67 712	94 009	110 428
«Мойнақ СЭС» АҚ	22 804	21 720	25 768	21 761
«Шардара СЭС» АҚ	8 680	8 991	8 602	7 729
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС			10 915	11 190
«Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС			16 603	16 371
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	4 987	6 170	6 641	7 918
«Бұқтырма СЭС» АҚ	4 181	21 837	16 520	24 135
«Energy Solution Center» (ЕЖЭО) ЖШС			4 233	10 594
«Energy Solution center» ЖШС филиалы - ЖҚҚО	1 515	1 595	1 945	3 209
«Samruk-Green Energy» ЖШС	409	500	659	755
Топ ішілік айналымдар (алып тастау)	-128 016	-135 475	-183 986	-218 337

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстардың негізгі үлесі «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - ЭнергоСбыт филиалына тиесілі. Сонымен қатар, кірістерді шоғырландыру кезінде жалпы сомадан негізінен энергия өндіруші және таратушы компаниялар бойынша топшылық айналымдар алып тасталады.

Өнім мен қызмет көрсетудің өзіндік құны


Көрсеткіш, млн теңге	2022 (нақты)	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (болжам)
Отын	68 247	91 379	107 507	138 644
Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар	45 643	53 766	70 084	85 019
Сатып алынған электр энергиясының құны	50 991	56 404	57 128	63 763
Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер	8 819	8 848	2 822	20 714
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	59 764	62 556	58 033	76 220
Жөндеу және ұстау	9 950	11 377	12 993	16 757
Электр энергиясын жеткізу қызметтері	16 847	16 922	19 828	20 752
Материалдар	2 181	2 777	3 373	5 425
Сумен қамтамасыз ету	7 106	7 582	10 625	12 092
Желілердегі шығын	2	2	0	0
Табыс салығынан басқа салықтар	4 642	4 633	6 055	7 127
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	7 664	4 435	5 054	9 223
Сыртқы ұйымдардың қызметі	3 385	3 350	11 985	14 507
Басқа	3 688	5 643	6 159	9 166
БАРЛЫҒЫ	288 929	329 676	371 645	479 409

2024 жылдың қорытындысы бойынша **өзіндік құн** 371 645 млн.теңгені құрады, бұл 2023 жылғы фактіден 13%-ға жоғары. Тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне байланысты ауыспалы өндірістік шығыстардың ұлғаюы (көмір, газ, «KEGOC» АҚ қызметтері және т. б.), теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы шығыстардың өсуіне (бұдан әрі –ЭЭТН), ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету шеңберінде өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге, салықтар және басқа бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша шығыстарды ұлғайту, шикізат пен өндірістік материалдардың бағаларын индекскеуге байланысты.

2024 жылы **амортизация** 58 033 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 524 млн.теңгеге немесе 7%-ға азайды. «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС бойынша НҚ-ны қайта бағалауға байланысты НҚ-ның қызмет ету мерзімін өзгерту есебінен негізгі кему.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы

Өзіндік құн құрылымы:



Алдағы кезеңге болжам: 2025 жылға арналған болжамда өзіндік құн тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне, ЭЭТН-де теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстарға, өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығындарының ұлғаюына, сондай-ақ өндіріс көлемінің артуына байланысты ұлғаяды.

Сатуға арналған шығын, млн. теңге


2024 жылдың қорытындысы бойынша сату шығыстары 2023 жылмен салыстырғанда 86 млн.теңгеге (1% - ға) азайды және 8 845 млн. теңгені құрады. Бұл ауытқу тарифтің төмендеуі себебінен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша «KEGOC» АҚ қызметтеріне шығындардың төмендеуінен туындады.



Алдағы кезеңге болжам: 2025 жылға арналған болжамда **өнімді өткізуге арналған шығындар** 10 319 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2024 жылғы фактіден 1 474 млн. теңгеге немесе 17% - ға жоғары. Сатуға байланысты шығындардың ұлғаюы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС шиналарынан электр энергиясын босату көлемінің ұлғаюына (№1 блокты енгізу), сондай-ақ «KEGOC» АҚ қызметтеріне бағаның ұлғаюына байланысты.

Әкімшілік шығыстар, млн. теңге

2024ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығыстар 20 013 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 6 488 млн. теңгеге немесе 48%-ға жоғары, негізінен «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС, «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС және «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) шығыстарын шоғырландыру периметріне енгізу есебінен.



Алдағы кезеңге болжам: 2025 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар 2024 жылғы деңгейден 5 308 млн.теңгеге жоғары. Өсім негізінен ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету шеңберінде жалақыны индекстеуге байланысты. Сондай-ақ, «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) ААҚ Ққоғамын шоғырландыру периметріне енгізу есебінен ұлғайту (2024 жылғы нақты есепте бұл шығыстар 5 ай ішінде шоғырландырылды).

Қаржылық шығыстар, млн. теңге


2024 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 31 322 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы нақты мәннен 6 078 млн. теңгеге жоғары. «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (№1 блок) қарыздары бойынша шығыстарды ағымдағы шығыстарда көрсету есебінен ұлғайту.



Болашақ кезеңге арналған болжам: 2025 жылға арналған болжамда қаржыландыруға арналған шығыстар 48 891 млн.теңгені құрайды. Негізінен «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (отын беруді қайта жаңарту және жаңғырту) және «Алматы электр станциялары» АҚ (Алматы энергокешенін газдандыру) қарыздары бойынша шығыстарды ағымдағы шығыстарда көрсету есебінен ұлғайту.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес

Көрсеткіш, млн теңге	2022 (нақты)	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (болжам)
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	16 103	3 121	-5 856	12 499



Үлестік компаниялардан 2024 жылғы шығын (5 856) млн. теңгені құрады, осыған ұқсас кезеңге қатысты (8 977) млн. теңгеге, негізінен Forum Muider B. V. бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің төмендеуі (экспорт көлемінің төмендеуі) және операциялық шығындардың өсуі нәтижесінде операциялық

пайданың азаюы есебінен, сондай-ақ қаржыландырудан шығыстарды (бағамдық айырманы) және негізгі емес қызметтен өзге шығыстарды ұлғайту есебінен (оның ішінде өзге активтердің құнсыздануынан болған залал).

9. Құрылған және бөлінген экономикалық құн

Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігі құрылған және бөлінген экономикалық құн кестесінде көрсетілген.

Құрылған экономикалық құн Қоғамның кірісін қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, жеткізуден және сатудан, сондай-ақ көмір сатудан түскен кіріс пен алынған сыйақыны көрсетеді.

Құрылған құн жеткізушілер мен мердігерлер, Қоғам қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтар арасында бөлінеді.

Бөлінген экономикалық құн	
Жеткізушілерге және мердігерлерге төленетін төлемдер	Операциялық шығындар - контрагенттерге материалдарды, өнім компоненттерін, жабдықтар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т. б. төлеу бойынша ақшалай төлемдер.
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызметтер көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да түрлері
Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер	Акционерлердің барлық санаттарына дивидендтер және кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар	Қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне қайырымалдықтар, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға арналған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру іс-шараларын тікелей қаржыландыру

2024 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құн 859 млрд. теңгені құрады және бөлінген экономикалық құн 680 млрд. теңгені құрады, нәтижесінде бөлінбеген экономикалық құн 179 млрд. теңгені құрады. Бекітілген 2025-2029 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес 2025 жылы құрылған және бөлінген экономикалық құнды ұлғайту жоспарлануда.

млн. теңге

Көрсеткіш*	2022	2023	2024	2025
	нақты	нақты	нақты	болжам
Құрылған экономикалық құн	520 350	616 994	858 823	1 057 976
Сатудан түскен түсім	517 254	611 048	849 594	1 045 484
Алынған сыйақылар (пайыздар)	3 096	5 946	9 229	12 492
Бөлінген экономикалық құн	407 694	512 531	679 952	890 456
Операциялық шығындар	246 973	350 498	443 224	623 652
Жалақы және әлеуметтік аударымдар	63 625	75 794	95 229	109 436

Көрсеткіш*	2022	2023	2024	2025
	нақты	нақты	нақты	болжам
Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер	30 453	21 753	49 487	55 797
Мемлекетке төленетін төлемдер	66 518	64 308	91 665	101 333
Жергілікті қоғамдарстықтарға салынған инвестициялар	125	178	347	238
Бөлінбеген экономикалық құн	112 656	104 463	178 871	167 520

* - Бұрын көрсеткіштер есептеу әдісі бойынша есептелді. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны алып тастау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп деректеріне есептелді. Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынды.

10. Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу

Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

ЕТҰ атауы	2022 нақты*	2023 нақты**	2024 нақты***
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	8,06	8,00	9,18
электр энергиясына есептелген тариф, теңге/кВтс.	7,44	7,59	8,12
ҚР тарифі	7,44	7,59	8,12
эл. қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	1 049
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	11,39	11,46	13,65
экспортқа арналған тариф, теңге/кВтс.	13,76	13,76	-
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	10,17	10,27	11,76
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	1 020
«Алматы электр станциялары» АҚ	14,05	15,52	20,38
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	12,27	13,79	17,81
қуатқа арналған орташа мөлшерленген тариф, мың теңге/МВт*айына	796	809	1 180
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	1 062
қуатқа арналған жеке тариф, мың теңге/МВт*айына	3 139	3 139	2 479
«Мойнақ СЭС» АҚ	21,69	23,51	21,59
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	12,92	13,65	14,08
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	2 564	2 564	2 564
«Шардара СЭС» АҚ	16,03	16,33	14,69
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	10,79	11,17	9,84
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	3 868	3 868	3 868
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	-	-	5,79
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	-	-	3,57
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	-	-	1 060
«Шүлбі СЭС АЭС» АҚ	-	-	8,15
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	-	-	4,55
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	-	-	1 060
«Samruk-Green Energy» ЖШС, теңге/кВтс.****	20,94	23,54	27,63
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	36,84	43,36	48,47
«Энергия Семиречья» ЖШС - 25% үлесі	22,68	24,65	28,17

* электр энергиясының тарифі шекті тарифтен және ЖЭК өтпелі үстемеақысынан тұрады

** электр энергиясына тариф 2023 жылғы 1 шілдеге дейін ЖЭК шекті тарифінен және өтпелі үстемеақысынан, сондай-ақ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап шекті тариф және ЭЭТН-ге тарифтен орташа өлшенген болып табылады

*** * * * электр энергиясының тарифі шекті тарифтен және ЭЭТН тарифінен тұрады

**** «Samruk-Green Energy» ЖШС электр энергиясының тарифі төрт ЖЭК станциясының орташа өлшенген тарифі болып табылады

ҚР Энергетика министрінің 23.10.2023 №376 бұйрығымен электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметке шекті тарифтер айына 1065 мың теңге/МВт*, 2025 жылы – айына 1170 мың теңге/МВт* деңгейінде белгіленді (ҚР Энергетика министрінің м. а. 2024 жылғы 19 қарашадағы №407 бұйрығы);

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде №147 Электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларының 11-тармағына (ҚР Энергетика министрінің 27.02.2015 ж. бұйрығы) сәйкес 2024 жылдан бастап ЭӨҰ-ның шығынсыз тариф деңгейін алу мақсатында өндірістік шығыстардың күтілетін өсуіне байланысты (персонал санының ұлғаюы, отынға жұмсалатын шығыстардың өсуі және т. б.) шекті тарифті түзетуге өтінім жіберілді. Нәтижесінде ҚР ЭМ 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №479 бұйрығымен 2024 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, электр энергиясына жаңа шекті тарифтер бекітілді.

Осылайша, 2024 жыл ішінде ЭӨҰ үшін электр энергиясына мынадай шекті тарифтер (теңге/кВтсағ) қолданылды: (теңге/кВтс):

ЭӨҰ атауы	01.01.2024- 31.08.2024ж. бекітілген тариф	01.11.2024ж бастап бекітілген тариф	Ауытқу, %	01.02.2025ж. бастап бекітілген тариф	Ауытқу, %
1	2	3	4=3/2	5	6=5/3
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	8,05	8,27	3%	9,50	15%
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	13,17	13,17	0%	15,67	19%
«Алматы электр станциясы» АҚ	17,82	17,82	0%	20,93	17%
«Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС»	4,14	4,14	0%	5,04	22%
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	3,44	3,44	0%	4,29	25%
«Шардара СЭС» АҚ	9,82	9,82	0%	9,82	0%
«Мойнақ СЭС» АҚ	12,77	12,77	0%	12,77	0%

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы (№ 42-н/қ) бұйрығымен 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, ЭӨҰ-ның электр энергиясына шекті тарифтері бекітілді.

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ және «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС станциялары үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізуде.

Жасалған инвестициялық келісімдердің параметрлері, мың теңге /МВт*ай.

ЭӨҰ атауы	Көлемі	Жеке тариф	Кезең
«Алматы электр станциялары» АҚ	69,5 МВт	4 168,60	2020–2024 жж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	298 МВт	2 563,67	2020–2026 жж.
«Шардара СЭС» АҚ	61 МВт	4 069,3	2020–2028 жж.

2021 жылғы 28 желтоқсанда «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС ҚР ЭМ-мен айына 1 199 мың теңге /МВт* мөлшерінде тариф белгілей отырып, №1 энергия блогын қалпына келтіру жобасы бойынша 2025-2031 жылдар кезеңінде 476,6 МВт қызмет көрсету көлеміне есептегенде жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңартуға инвестициялық келісім жасады.

2024 жыл ішінде Инвестициялық бағдарламаларды іріктеу қағидаларындағы өзгерістерді және 2028 жылғы қыркүйекке дейін №3 энергия блогы бойынша және 2030 жылғы қыркүйекке дейін №4 энергия блогы бойынша аяқталу мерзімдерін нақтылауды ескере отырып, №3 және №4 энергия блоктарын салу үшін жеке тарифтерге өтінімдер берілді. Нарық кеңесінің Төралқасы жаңартылған өтінімдерді мақұлдап, оларды ҚР ЭМ-ге жіберді. 10 жыл ішінде инвестицияларды қайтару мерзімімен №3 энергия блогын іске асыруға ҚР ЭМ-мен №41 инвестициялық келісімге қол қойылды (2028 жылғы 4-тоқсан – 2038 жылғы 3-тоқсан). №4 энергия блогы бойынша келісімге қол қою қуат нарығындағы лимиттерді ұлғайту туралы мәселе шешілгенге дейін кейінге қалдырылды. «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен қуаттың әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шарт жасасу үшін корпоративтік рәсімдер аяқталды. «Есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен 3-ші энергия блогы электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартқа қол қойылды.

Жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтер

Атауы	теңге/Гкал.			
	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 болжам
«Алматы электр станциялары» АҚ	3 782	4 215	5 195	5 394
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	812	874	902	929
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	221	189	183	178
«Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО)	-	-	6 018	6 654

Табиғи монополия субъектісі үшін заңнама жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін, оларға инвестициялық құрамдас бөлікті қосуды және шығындарды жыл сайын индекстеумен бекітуді көздейді. Шекті тарифтерді Комитет бекітеді. Алайда, тарифтерді ұлғайту СЕМ бастамасы бойынша жылына бір реттен жиі жүргізілмейді.

және объективті себептер бойынша станция шығындарының өсуі жағдайында тарифтерді ұлғайтусыз сақтау тәуекелі бар.

Жылу энергиясына бағаның әлеуметтік маңыздылығына байланысты ТМРК жылу энергиясына тарифтің өсуін тежеу жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады, бұл жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтің шығынына әкеледі.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның жылу энергиясына тарифі 4 003,36 теңге/Гкал құрады. ТМРКД-мен жұмыс нәтижесінде стратегиялық тауарларға (көмір, мазут) бағаның өсуін және орташа айлық жалақының өсуін ескере отырып, жылу энергиясына жаңа тарифтер бекітілді:

- 01.08.2023 ж. бастап - 4 550,44 теңге/Гкал, алдыңғы тарифке өсім – 13,7%;
- 01.01.2024 ж. бастап - 5 063,54 теңге/Гкал, 2023 жылғы тарифке өсім-26,5%;
- 01.09.2024 ж. бастап – 5 412,67 теңге/Гкал, 2023 жылғы тарифке өсім – 36,8% (2024 жылы орташа жылдық тариф 5 195 теңге/Гкал құрады);
- 01.01.2025 ж. бастап – 5 394,18 теңге/Гкал.

2025 жылы «Алматы Электр Станциялары» АҚ мен Қоғам жылу бойынша залалсыз қызметті қамтамасыз ету үшін ТМРД-мен одан әрі жұмысты жоспарлауда.

Электр энергиясын жеткізу қызметіне арналған тарифтер

Атауы	теңге/кВтс			
	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 болжам
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	6,58	7,68	9,95	10,6

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 64-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 26 шілдедегі № 92-НҚ бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ ««Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаның шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Өзгерістер «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның берген өтініміне байланысты «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы 22-бабының 1-тармағына сәйкес мынадай негіздер бойынша енгізілді:

- стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі (электр энергиясы);

- мемлекеттік бағдарламаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту;
- ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту;
- табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға алу;
- өңірдегі (қаладағы) бір жылдың статистикалық деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі.

Енгізілген өзгерістерге байланысты 2024-2025 жылдарға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтерге «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ тарифтерінің шекті деңгейлері бекітілді:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 8,87 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 тамыздан бастап - 11,4 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) (2024 жылы э/э берудің орташа жылдық тарифі 9,95 теңге/кВтсағ құрады);
- 2025 жылға-10,6 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

ЭҚҰ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтері

Атауы	теңге/кВтс			
	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 болжам
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы	20,09	23,64	28,03	
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ				34,14

2023 жылғы желтоқсанда жүргізілген жұмыс нәтижесінде ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №276 бұйрығымен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы энергиямен жабдықтаушы ұйымдар үшін атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілді. Нәтижесінде Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағасы 13,00 теңге/кВтсағ құрады. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы 2024 жылы тарифтік сметада көзделген және Бірыңғай сатып алушыда іс жүзінде қалыптасқан электр энергиясы бағасының айырмасынан шығынды болдырмауға мүмкіндік берді.

2024 жылғы 10 қазанда Алматы қ. және Алматы облысы ТМРКД «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы 2024 жылғы 15 қазаннан бастап қолданысқа енгізе отырып 29,04 теңге/кВтсағ (өсім 3,7%) мөлшерінде шекті бағаны бекітті.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап энергиямен

жабдықтаушы ұйым ретінде өз қызметін тоқтатып, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өңірлік энергия беруші компаниясына қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды.

Бұрын Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитеттерінің департаменттерімен келісілген тарифтер «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ үшін ауыспалы болып табылады және 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданыста болады.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ 2025 жылы Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу тарифтерінің және басқа да шығыстардың өскенін ескере отырып, электр энергиясын сату тарифін көтеруді жоспарлап отыр.

Көмірді сату бағасы

Орташа өлшемді бағасы, теңге/тонна

Атауы	2021ж. нақты	2022ж. нақты	2023 ж. нақты	2024ж. нақты	2025ж. болжам
«Богатырь Көмір» ЖШС	2 292	2 669	3 084	3 215	4 168

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін сату бағасы тұтынушылардың 3 тобы үшін ҚР тұтынушылары үшін дербес преysкурантпен бекітіледі (ҚТЖ жанасу станциясындағы энергетика, көмір жинау станциясындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер).

11. Стратегиялық НҚК-нің орындалуы

№	Атауы	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 болжам
ПК үшін 1 деңгейлі стратегиялық және аналитикалық НҚК					
1	Таза табыс, млн. теңге	30 132	43 080	112 508	112 631
2	Қарыз/EBITDA (арасалмағы)	1,90	1,71	1,66	2,68
3	ROACE, %	5,90	6,45	12,13****	10,29
4	Таза активтердің құны (NAV), млн.теңге	442 753	485 969	581 211****	703 524
5	ROI, коэф	-12%	-	-	-
6	FCF*, млрд. теңге	42,2	37,0	93,3	26,20
7	ESG-рейтинг*, балл	-	24,1	52	≥44
8	Таза көміртегі ізін азайту *, %	-3%	-3,3%	-1%**	
	Э/э барлық өндірісіне қатысты CO2-экв (базалық 2021 жылға қатысты) үлестік шығарындыларының төмендеуі	-	-	-	≥20%*****
9	Тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық үлесі *, %	-	66%	73	57,31%
10	Жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесі *, %	-	92%	90	67,38%
11	Көшбасшылық мінез-құлық қауіпсіздік аудиті*	6 274	7 186	7 673	5 400
	Салалық НҚК				

№	Атауы	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 болжам
12	ҚР-дағы электр энергиясы нарығының үлесі	31,79%	31,31%	33,73%	33,60%
13	LTIFR	0,30	0,36	0,99	0,23
	Негізгі ұлттық индикаторлар				
14	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	13 273	47 855***	56 234	60 827
15	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	100 579 914	132 145 871	229 787 273	360 587 304
16	Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру көлемі, мың кВт/сағ	417 371	554 379	577 875	556 091
17	«Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны, млрд.АҚШ долл.»	0,043	0,014	0,129	1,59

* НҚК 2023ж. бастап енгізілді.

** Жоспарға тең бағалау мәні көрсетілген. Нақты мәні парниктік газдарды түгендеу бойынша верификацияланған есептерді алғаннан кейін есептеледі (ҚР ЭК-ге сәйкес алдыңғы күнтізбелік жылдың 1 сәуіріне дейін).

*** «Еңбек өнімділігі» НҚК-ні салыстыру мақсатында 2023 жылдың фактісі Қоғамның 2024-2028 жылдарға арналған даму жоспарында ескерілген жаңа әдістемеге сәйкес есептелді

**** 2024 жылғы аудит қорытындылары бойынша 2023 жылғы ретроспективті қайта есептелген меншікті капиталды ескере отырып

***** НҚК деректері 2025 жылдан бастап енгізілді.

Тұтастай алғанда, Қоғамның стратегиялық көрсеткіштері 2022-2025 жылдар аралығында жақсару үрдісіне ие. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды өткізу көлемін ұлғайту, ЕТҰ тарифтерін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер алу, технологиялық қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ТЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады. Бұл ретте 2025 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты борыштық жүктемені ұлғайту жоспарлануда.

12. Игеру әдісі бойынша күрделі шығыстарға жасалған талдау

млн. теңге

№	ЕТҰ	2022ж.	2023ж.	2024ж.	2025ж.
		нақты	нақты	нақты	болжам
	БАРЛЫҒЫ	100 580	132 146	229 787	360 587
1	Инвестициялық жобалар, оның ішінде	58 372	80 393	136 375	193 275
1.1	Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-блокты қалпына келтіру	32 681	71 113	38 540	-
1.2	Екібастұз 2-МАЭС-тің №3 энергия блогын жаңғырту	-	-	679	-
1.3	«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ны №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру	10 209	121	373	17 611
1.4	«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ №4 энергия блогын салу» жобасының ТЭН-ін әзірлеу	-	-	145	19
1.5	Екібастұз кен орнының «Богатырь» кенішінде көмір өндіру, тасымалдау, біркелкілеу және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу	7 896	5 373	1 426	-

1.6	«Көкөзек» ҚС-ны салу	354	-	2 433	-
1.7	«Түрксіб» ҚС-ны салу	-	-	521	945
1.8	ҚС-220/110/10кВ №7 АММК қайта құру	2	-	-	1 620
1.9	Электр желілерін қайта құру	-	1 928	3 930	-
1.10	Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2-ні жаңғырту. ТЭН әзірлеу және сараптамадан өту	560	1 683	63 244	105 731
1.11	Қуаты 200-250 МВт БГҚ салу арқылы ЖЭО-1 кеңейту	271	3	-	-
1.12	Станцияның қуатын 450 МВт дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту	334	123	24 550	52 699
1.13	Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, болашақта 300 МВт дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу	4 944	49	2	-
1.14	Қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу	1 065	-	-	-
1.15	Қолданыстағы қуаты 45 МВт «Ерейментау-1» ЖЭС-ін әрқайсысының қуаты 2,5 МВт екі жел энергетикалық қондырғысына кеңейту	56	0,06	-	-
1.16	Семей СЭС алдын-ала ТЭН-ін әзірлеу	-	-	364	-
1.17	Көкшетау қаласында көмір жылу электр станциясын салу	-	-	-	4 106
1.18	Семей қаласында көмір жылу электр станциясын салу	-	-	-	3 260
1.19	Өскемен қаласында көмір жылу электр станциясын салу	-	-	-	3 152
1.20	Жалпы қуаты 1 ГВт ЖЭК жобаларын іске асыру. (Altyn Dala)	-	-	13	2 065
1.21	Өзге жобалар	2	-	155	2 066
2	Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру	41 052	49 555	89 715	152 403
2.1	«Богатырь Көмір» ЖШС (50%)	7 995	6 824	7 785	12 851
2.2	«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ (50%)	1 985	2 483	6 022	3 316
2.3	«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	9 859	12 957	28 738	60 644
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	11 289	14 173	22 924	35 565
2.5	«Алматы электр станциялары» АҚ	9 563	11 947	16 860	24 134
2.6	«Мойнақ СЭС» АҚ	103	574	1 145	1 458
2.7	«Шардара СЭС» АҚ	54	22	130	261
2.8	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Энергосбыт филиалы	85	77	87	90
2.9	«Samruk-Green Energy» ЖШС	22	21	27	132
2.10	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	96	476	767	1 165
2.11	«Erementau Wind Power» ЖШС	-	-	-	-
2.12	«Энергия Семиречья» ЖШС (25%)		0,3	4	-

2.13	«Energy Solutions Center» ЖШС	-	-	-	6 476
2.14	Шүлбі СЭС	-	-	3 509	5 001
2.15	Өскемен СЭС	-	-	1 717	1 310
3	Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру	1 157	2 198	2 967	12 107
4	Өзге	-	-	731	2 803

2021 жылы іске асырылған жобалар

2021 жылы іске асырылған жобалар жоқ.

2022 жылы іске асырылған жобалар

